

**Словакия Республикасының стандарттау, метрология және
сынақтар басқармасы мен Қазақстан Республикасының Экономика
және сауда министрлігі арасындағы стандарттау, метрология және
сертификаттау саласында ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Словакия Республикасының стандарттау, метрология және сынақтар басқармасы мен Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі,

Словакия Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы экономикалық байланыстардың нығаяуына және саудадағы техникалық кедергілерді жоюға ұмтыла отырып,

халықаралық стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі ұйымдарының қабылдаған қағидаттар мен нормаларына сүйене отырып, стандарттау, метрология, сертификаттау және сынақтар саласында ынтымақтастықты дамыту ұмтылысын білдіріп,

Словакия Республикасы мен Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін басшылық етіп,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар осы Келісім шеңберінде екі мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтірместен Словакия Республикасы мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын басшылық етеді.

2-бап

Тараптар

ұлттық стандарттарды халықаралық стандарттармен және талаптармен үйлестіру, сауда-саттықта кездесетін техникалық тосқауылдарды жою және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту;

екі Тараптың стандарттау, сынақ, сертификаттау және метрология жөніндегі органдары арасында тікелей байланыстарды орнату жолымен стандарттау, метрология және сертификаттау саласында ынтымақтастықты дамытуға келісті.

3-бап

Тараптар:

стандарттау жөніндегі ұлттық органдар жариялаған ақпарат пен мерзімдік басылымдарымен, нормативтік құжаттарымен;

ұлттық стандарттар тізбесі, жеке ұлттық стандарттар, нормалар мен ережелерімен;

сертификаттау органдарын, сынақ зертханаларын тіркеу, сертификаттау туралы негізгі ақпараттар мен жарияланымдары, міндетті түрде сертификатталуға тиіс өнімдердің тізімімен;

стандарттау, метрология, сертификаттау және сынақ саласында мамандардың біліктілігін арттыру жөніндегі бағдарламалары мен оқу бағдарламаларына қатысты ақпараттары мен мәліметтерімен алмасуға келісті.

4-бап

Тараптар стандарттау, метрология, сертификаттау және сынақ саласында кадрларды даярлау мен олардың біліктілігін арттыруда, мамандармен алмасуда және кеңес беруде өзара әрекеттеседі.

5-бап

Тараптар осы Келісім шеңберінде жүргізілетін жұмыс жөніндегі құжаттамалар мен ақпараттың құпиялылығын сақтауды қамтамасыз етеді. Ұсынушы Тараптың келісімімен ғана бұл ақпарат үшінші мемлекетке берілуі мүмкін.

6-бап

Осы Келісімді талқылау мен орындау барысында пайда болған пікір алшақтықтар Тараптардың өзара келіссөздері мен кеңестері арқылы реттелетін болады.

7-бап

Осы Келісім Тараптардың басқа халықаралық келісімдеріне қатысуы нәтижесінде қабылдаған құқықтары мен міндеттемелеріне ықпал етпейді.

8-бап

Осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекет ішілік рәсімдерді Тараптардың орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тарапқа Келісім қолданысын тоқтату туралы жазбаша хабарлаған күннен бастап 6 ай мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады.

Осы Келісімнің тоқтатылуы Келісім шеңберінде қабылданған бағдарламалар мен жобаларға ықпал етпейді.

Астана қаласында 2001 жылғы «14» ноябрь,
әрқайсысы екі түпнұсқа данада словак, қазақ, орыс және
ағылшын тілдерінде жасалды, барлық тілдегі мәтіндердің күші
бірдей.

Осы Келісім ережелерін түсіндіруге қатысты келіспеушілік туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді ұстанатын болады.

Словакия Республикасының
стандарттау, метрология және
сынақтар басқармасы үшін

Қазақстан Республикасының
Экономика және сауда
министрлігі үшін